

Хабарлама: 2018 жылдың 17 тамызында "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жинадысы болып өтеді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ақарушы органы (Басқарма) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешеннің Солтүстік мұнарасы, 8^{ші} қабат, өз акционерлеріне, Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" (бұдан әрі – "Акционерлік қоғамдар туралы" заң) заңының 37 бабының 3 тармағына 1) тармақшасына және 41 бабына сәйкес, Биржаның Директорлар кеңесінің бастамасымен (2018 жылдың 13 шілдесіндегі № 22 отырыс хаттамасы) Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі – жиналыс) болып өтетіні туралы хабарлайды.

Жиналыс **2018 жылдың 17 тамызында**, алматылық уақытпен 15.00-де, мына мекен-жайда болы өтеді: г. Алматы, Алматы қ., Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешеннің Солтүстік мұнарасы, 1^{ші} қабат.

Жиналысқа қатысушыларды тіркеу 2018 жылдың 17 тамызында алматылық уақытпен 14.00-ден 14.45-ке дейін жиналыс өтетін жерде жүргізіледі.

Кворум жиналмаған жағдайда Биржа акционерлерінің қайталама жылдық жалпы жиналысы 2018 жылдың 20 тамызында алматылық уақытпен 15.00 сол мекен-жайда болып өтеді. Жиналысқа қатысушыларды тіркеу 2018 жылдың 20 тамызында алматылық уақытпен 14.00-ден 14.45-ке дейін жиналыс өтетін жерде жүргізіледі.

Жиналысқа қатысуға құқылы акционерлердің тізімі 2018 жылдың 01 тамызында алматылық уақытпен 00.00-дегі жағдай бойынша құрастырылады.

* * *

Жиналыстың күн тәртібі

1. Биржа жарғысына № 4 өзгертулер мен толықтыруларды бекіту туралы.
2. Биржаның бағалы қағаздарын ауыстыру шарттары мен тәртібін анықтау туралы, сондай-ақ осындай шарттар мен тәртіпті өзгерту.
3. Биржаның жай акцияларына айырбасталатын, Биржаның бағалы қағаздарын шығару туралы.

* * *

"Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 43 бабы 1 тармағының екінші бөліміне сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі, жалпы жиналыстың датасынан он бес күн бұрын немесе "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 43 бабының 1 тармағында белгіленген тәртіпте қоғам акционерлерін ескерту шартымен, қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан аса пайызын дербес түрде немесе басқа акционерлермен бірлесе иеленген акционермен немесе директорлар кеңесімен толықтырылуы мүмкін.

"Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 44 бабының 4 тармағына сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің материалдары акционерлердің жалпы жиналысын өткізу датасына кемінде 10 күнтізбелік күн бұрын, Биржа Басқармасы орналасқан жерде дайын және танысуға қолжетімді болады.

Биржа акционерінің жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдарға сауалы болса, Биржа осындай сауал жолданған күннен бастап үш жұмыс күн аралығында материалдарды акционерге жолдайды, мұнда құжаттардың көшірмелерін жасау және жеткізу бойынша шығындарды Биржа көтереді.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізумен байланысты қосымша ақпаратты: 8 (727) 237 53 43 арқылы алуға болады.

Осы хабарламамен Биржа акционерлеріне акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібімен танысуды ұсынамыз.

* * *

Акционерлердің жалпы жиналысы ашылар алдында акционерлердің (олардың өкілдерінің) тіркеуі жүргізіледі. Өзімен, жеке тұлғаны куәландыратын, құжат болуы тиіс. Акционерлің өкілі, акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге құқығын растайтын, сенімхатын немесе, акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін қорғауға құқығын растайтын, құжатты ұсынуы тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі), кворум анықтағанда есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы болмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы, кворум жиналса, жарияланған уақытында басталады.

Акционерлердің жалпы жиналысы жиналыстың төрағасы мен хатшысын сайлайды, дауыс беру нысанын анықтайды – ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша).

"Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 50 бабының 1 тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру ", Директорлар кеңесінің мүшесін сайлағанда дауыс коммулятивті беру жағдайын қоспағанда, бір акция - бір дауыс" принципі бойынша және, акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы, әр тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысын өткізу бойынша процедуралық сұрақтар бойынша бір дауыс берумен, жүзеге асырылады.

Төраға, акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соқтыратын немесе күн тәртібінің қандай да бір сұрағы бойынша пікірталастар аяқталған жағдайдан басқа, күн тәртібінің сұрақтарын талқылауға құқылы тұлғалардың сөз алуына кедергі жасауға құқығы жоқ.

Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысында үзіліс жасау және жұмыс мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдауға, соның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі кейбір сұрақтарды келесу күні қарауға қалдыруға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қаралып, олар бойынша шешім қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жарияланады.

"Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 52 бабының 1 тармағына сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін үш жұмыс күн аралығында құрастырылып, қол қойылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 35, 36, 37, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 50, 51 және 52 баптарына және Биржа жарғысының 15 бабына сәйкес өткізіледі.

Биржаның акционерлерін Биржаның жылдық жалпы жиналысына қатысуға шақырамыз.